

**Кудайбергенова Кунимжан Тыныштыкбековнаның
«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары оқу
орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және
бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты
дайындаған диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Жоғары оқу орындарында Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілік мәселесін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері».

Зерттеу мақсаты: Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнеліліктің генезисі мен көркем образ жасау тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны жоғары оқу орындарында оқытудың әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Зерттеудің міндеттері:

1. Сыр сүлейлері Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет және т.б. ақындардың шығармалардағы ұлттық сипат пен мінез, көркемдік ойлауы мен суреткерлік дүниетанымын айқындау және жазба айтыстар мен мысал, дастандарындағы Сыр сүлейлерінің бейнелілік нақыштарын ғылыми тұрғыдан негіздеу;

2. Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдарын айқындау, мазмұндық-құрылымдық моделін жасау және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелеу;

3. Сыр сүлейлері шығармаларын оқытуға арналған кешенді әдістемелік жағынан жұмыс түрлерін жүргізу және оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында жаңа заманға лайықталған онлайн және офлайн оқытуда қолданылатын интерактивті желілік технология атты жаңа әмбебап технологиясының жүргізу әдістемесін ұсыну;

4. «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курс бағдарламасы жасау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігін тексеріп дәлелдеу.

Зерттеу әдістері:

Поэтикалық шығармаларға әдеби-теориялық талдау жасау және философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, математикалық статистика әдістері арқылы эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

- Сыр сүлейлері қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосты және ұлттық әдебиетте ғасырлар бойы қалыптасқан көркем ойлау мен оны

ұлттық болмысқа сай көрікті етіп жеткізуде бейне және бейнелілікті кеңінен қолданды.

- Сыр бойы ақындарының шығармалары өзінің идеялық бағыты, танымдық қырлары, көркемдік кестесі жағынан қазақ әдебиетін жаңа бір даму сатысына көтерді, ұлттық болмысқа негізделген тіл, бейнелілік, қазақы дүниетаным көрінісі біртұтас байланысқа, бірлікке айналды.

- Оқытудың жалпы принциптерін негізге ала отырып, әрбір жекелеген пәнді оқытуда білім алушыда қалыптасатын құзыреттіліктерді нақтыласа, сол пәнді оқытуда басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар (пәнді оқытудың жекелеген ұстанымдары) айқындалып, оқытылатын пәннің мақсаты анық болады.

- Біз құрастырған Сыр сүлейлері шығармаларындағы бейне және бейнелілікті оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен таңдау курстың мазмұны кез келген ел әдебиеті мен жекелеген қаламгерлердің шығармашылығын оқытуда тиімді әдістемелік нұсқаулық деуге болады.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

Теориялық-әдіснамалық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуімен сипатталады.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне мен бейнелілік көрінісі кең көлемде алғаш рет қарастырылып отыр. Әдеби бейне жасаудағы, бейнелілік пен суреткерліктің өткеніне үңілу, бүгінгісін сараптау, болашағын болжау тұрғысынан алғанда аталмыш жұмыстың ғылыми салмағы басым. Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет және т.б ақындар поэзиясындағы суреткерлік дүниетаным тұрғысынан поэзиялық туындыларға талдаулар жасалынып, ақындардың өзіндік ерекшеліктеріне баға берілді. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетке әкелген тың серпін, теориялық бағыт қарастырылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- нысанға алынған шығармалардағы ұлттық сипат пен мінез және көркемдік ойлау формалары жинақталып, жүйеленді және Сыр сүлейлері қолданысындағы көркем бейне дәйегі айқындалып, жазба айтыстар мен мысал, дастандардағы Сыр сүлейлерінің көркемдік кестесі, бейнелілік нақыштары ғылыми тұрғыдан дәйектелді;

- Сыр өлкесі қаламгерлері шығармашылығын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдары айқындалды және студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленді;

- Сыр сүлейлері шығармаларын оқытуға арналған таңдау пәні бағдарламасы, силлабусы және қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасы бойынша кешенді жұмыс түрлері жүргізілген және оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында оқытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдері ұсынылды;

- «Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және бейнелілікті оқыту» таңдау курс бағдарламасы жасалынды және тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігі тексерілді.

Алынған қорытындылар мен негізгі тұжырымдар жоғары оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша окитын білім алушыларға әдебиетті оқыту курсына қолданылды, тәжірибеден өткізілді, алынған нәтижелерге сараптама жүргізілді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (2007), «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (2020), Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2023) және т.б. бағыттарына сәйкес келеді. Мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ педагогтарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда, себебі қазіргі кезеңде болашақ педагогтарға кәсіби білім мен тәрбие беру ісі түйінді мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы – бұл білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірінен саналады, өйткені қазіргі нарық жағдайында азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалуы олардың біліміне, кәсіби біліктілігіне, құзыреттілігі және шеберлігіне байланысты.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесіне сипаттама:

Диссертацияның мазмұны 17 ғылыми еңбекте көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 7 мақала жарияланды:

1. Литературный образ и образность в произведениях поэтов-сказителей земли сыра Базар жырау и Т. Изтлеуова. «Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук». № 2 (330) март-апрель, 2020, г. Алматы, Академии Наук Республики Казахстан, С. 202-211. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

2. Әдеби бейне және бейнеліліктің теориялық негіздері. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, -№4, 2020, Астана, 215-221 б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

3. Сүлейлер поэзиясындағы символдық бейнелердің қолданылуы. Қазақ білім академиясының Баяндамалары, -№4/2020, Астана, 371-380 б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

4. Symbolic images in the works of Syr poets. Керуен. М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Хабаршысы, №1, 78-том, 2023,

Алматы, 151-159 б. (Бірлескен автор Жанбершиева Ұ.Н. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 70 %;

5. Сыр сүлейлері шығармаларын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. - №1/2023, Астана, 297-311 б. (Бірлескен автор Жанбершиева Ұ.Н. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%;

6. ЖОО-да сыр сүлейлері шығармашылығындағы ұлтжандылық идеяларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Педагогикалық ғылымдар сериясы, -№2(78) 2023, Алматы, 105-116 бет. (Бірлескен автор Игенбаева Р.Т. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%;

7. Базар жырау мен Т.Ізтілеуов шығармалары: әдеби бейне мен бейнелілік мәселелері. «Қазақ тарихы» журналы. - №3 (179) 2020, Алматы, 68-71 бб. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

8. A look at national education in the works of the storyteller Turmagambet Iztileuov. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика және психология» журналы, Алматы, 2023, - №3(56) 33-39 б. (Бірлескен авторлар Ченгел Х.К., Жанбершиева Ұ.Н. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%.

Шетелдік және отандық халықаралық конференция материалдарының басылымдарда 9 мақала жарық көрді:

1. Сыр сүлейлері шығармаларындағы әдеби бейне және суреткерлік дүниетаным. «Жаһандану дәуіріндегі инновациялық менеджмент пен технологиялар» атты VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 6-8 қаңтар, 2021, Бирмингем (Ұлыбритания), 360-368 б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

2. National Tradition and Literary-Cultural Connection in the Works of Syr Storytellers. «Европа және түркі әлемі: ғылым, техника және технология» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 3-5 мамыр, 2023, Конья (Түркия), 306-310. (Бірлескен авторлар Botabayeva Zh.T., Bashenova A.M. - 40 %). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 60%;

3. Базар жырау мен Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармаларындағы әдеби бейнелер. «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 25-26 қазан, 2019, Талдықорған, 154-161 б. (Бірлескен автор Кәрібозұлы Б. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%;

4. Сыр сүлейлерінің мысал, айтыс, дастандарындағы әдеби бейненің көріністері. «Қазақстанның білімі мен ғылымы: жаңа жағдайлар мен міндеттер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 14 желтоқсан, 2021, Қызылорда, 305-313 бет. (Бірлескен автор Кәрібозұлы Б. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%.

5. Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдері. «Қазақстанның білімі мен ғылымы: жаңа жағдайлар мен міндеттер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 14 желтоқсан, 2021, Қызылорда, 322-326 бет.

(Бірлескен автор Әбілов А.Ә. - 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%;

6. Сыр сүлейлері шығармаларындағы дүниетаным мәселесі. «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы, 7-8 желтоқсан, 2022, Алматы, 117-120 бет. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

7. Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық мінез және көркемдік ойлау. «Бірінші Құсайынов оқулары» «XXI ғасырдағы ғылым мен білім: үрдістер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 9 желтоқсан, 2022, Астана, 279-282б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

8. Сыр сүлейлерінің жазба айтысындағы ұлттық сипат. Мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы, 13 сәуір, 2023, Қызылорда, 76-82 б. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%;

9. Сыр сүлейлері шығармашылығын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері. «Алаш әдебиетін орта мектепте және ЖОО-да оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. 18 наурыз, 2022, Қызылорда, 43-47 бет. (Бірлескен автор Қазбай П.А. – 10%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 90%.

Диссертацияның құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.